



«Рауан»бөбекжай-бақшасы

*Семинар «Мектепке дейінгі балаларды  
ұлттық құндылықтар арқылы рухани-  
адамгершілікке тәрбиелеу»*

Тәрбиеші:Джумагазиева Г.Қ

2022 ж

**Мақсаты:** Ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасай отырып тәрбиелеу

**Міндеті:** •әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

**Жоспары**

1.Баяндама Джумагазиева.Г.Қ  
«Ұлттық тәрбие дегеніміз не?»

2.Тәрбие деңгейін анықтау әдістері

3.Тренинг «Құтты шаңырақ» психолог Беделбекова Н.Н

4. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану

5.Қортынды «Бойында ұлттық құндылықты сіңірген бала келбеті»

**Жүру барысы**

1.Слайд арқылы «Ұлттық тәрбие дегеніміз не?» баяндама оқылады  
Ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни, тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің балабақша атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры –ұстаздың қолында»– деген сөзі келер ұрпақ тәрбиесіне ата-анамен қоса, ұстаздың, тәрбиешілердің еңбегі орасан зор екенін айқындап көрсеткендей.

Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешінің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы –отбасында, екіншіден, балабақшада болғандықтан, ата-ана мен балабақша болып бірігіп жұмыс атқару – бізге артылар басты міндет.

Тәрбие – өсіп келе жатқан жас ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, жеке тұлғаны ғасырлар бойы жиналған адамзат тарихындағы тәжірибені игертіп, біліммен жаратқандыруға бағытталған қоғамның талап-тілегіне тәуелді күрделі үдеріс. Бізге бұрыннан белгі болып келген тәрбиенің ұйымдастырушылары: отбасы, ата-ана, балабақша – тәрбиеші. Жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін тұлға тәрбиеші –тәрбие көзі.

2. Қазіргі заман-педагогы-ол практикалық психолог. Ол тәрбие мен оқытуды Объективті мағұлматтар негізінде құрауға тырысады. әрбір баланың бойында тек өзіне ғана тән таным әрекетінің, эмоциялық өмірінің, жігері мен мінезінің ерекшеліктері болғандықтан, әрбір бала өзіне жеке дара қатынасты талап етеді.

Педагог төмендегі берілген әдістерді пайдалануына болады.

Байқау

Әңгімелесу

Сұрақ-жауап

Тест жүргізу

Баланы ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы үйретуде төмендегі құндылықтардың болуы қажет.

- \*индивидтік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы,
- \*белсенді қарым-қатынас: қоғам алдындағы өзіндік тәртіп: шешім қабылдауды көзқарастарын білдіріп үйрену
- \*шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

### 3. Тренинг «Құтты шаңырақ»


Тәрбиешілер шеңбер бойына тұрады, баяу, әдемі сазды әуен ойнайды.

Шеңбер бойымен тұрып бір-бірлеріне жылы тілектерін жіпті бір-бірлеріне лақтыру арқылы тілектерін білдіреді.

### 4. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану

Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызмет арқылы бере отырып, сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады. Сонымен бірге түрлі санамақ, мақал-мәтел, тыйым сөздер, жұмбақ, жаңылтпаштарды мнемотехника технологиясы арқылы жаттату өте тиімді тәсілдердің бірі. Балалардың ой-өрісін дамытуда ұлттық нақышта «Қызықты төсеніш» дайындап түрлі ойын түрлерін ойнатуға болады, сырмақ құрастыру, ою-өрнектерді бастырмалау, құрақ көрпе құрастыру, қамшы өру, өрілген жіптерден «Ирек су», «Бітпес», «Толқын» өрнектерін дайындап, үстінен саусақтарымен жүру арқылы қол, саусақ икемділіктерін дамытамыз. Сонымен бірге бамбук таяқшаларынан киіз үй керегелерін құрып, киіз құрастыруда балалардың қоршаған ортаға деген дүниетанымы өзгереді, қызығушылықтары артады.

Ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде балалардың бойынан қалыптасатын дағдылар:



1).Дене шынықтыруға, күш–қуатты шыңдай түсуге, мүсінді түзетуге бағытталған;

2) Еңбексүйгіштікке, достыққа, жолдастыққа қайраттылыққа тәрбиелеу

3)Тілін ұстартуға, ой-өрісін кеңейтуге батылдыққа ептілікке баулу.

4).Санамақ ойындары санауды үйретеді, математикалық логикасы қалыптастырады.

5).Педагогтар бойында ұлттық құндылықты сіңірген бала келбетін қағаз бетіне суреттеп, бала бойына ұлттық құндылықты қалай бертінін айтып береді. Әр педагог өз ойын айтады.

Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бала болашағының негізі – ұлттық тәрбиеде екендігін ескергеніміз абзал.